

**«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі
Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
қайталама мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Көкшетау қаласы

23 мамыр 2025 жыл

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылғы 06 қарашада №679 бұйрығымен бекіткен (2024 жылғы 20 ақпандағы №105 бұйрықпен өзгерістермен) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы 7 қазан пен 10 қазан аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына бірқатар сәйкессіздіктер анықталды.

Департаменттің бұйрығымен «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аттестатталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабы 8-13-тармағының талаптарына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде анықталған бұзушылықтарын жою туралы есебі негізінде бұзушылықтарды жоюға талдау жүргізіліп, Департаменттің 2025 жылғы «15» мамырдағы №17-11-01-08/352 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамдағы қайта қорытынды берілді.

1. Жанәділ Анаргүл Базарқызы - Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы, комиссия төрайымы;
2. Аралова Гульдана Ануарбековна - «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Арай»бөбекжайы» МКҚК-нің әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Есова Гулия Сабиржановна - «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының №12 жалпы орта білім беретін мектебі» МКҚК-нің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша өзін бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – ЖОБ МЖМБС) талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын талдап, зерделеп, оларды білім беру саласындағы акпараттандыру объектілерінде орналастырылған деректермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтарды жою бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Красивинский ауылдық округі, Құмай ауылы, Трудовая көшесі, ғимарат 16.

3) Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): телефон: 8775 52 72 395, эл.пошта: sholakumai@mail.ru, web-сайт: sc0029.esil.aqmoedu.kz

4) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі: Мұса Еркегүл «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі директордың міндетін атқарушы қызметіне Ақмола облысы Есіл ауданы бойынша білім бөлімінің 2023 жылдың 04 қаңтардағы №4-бұйрығы негізінде тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (занды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың /куәліктің көшірмесі қоса беріледі): Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті 2021 жылғы 16 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 08.07.2003 жыл, БСН: 030740004845. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы № А-1/2 қаулысымен бекітілген.

6) Рұқсат беру құжаттары (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон, білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы): «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 22 қаңтарда № KZ78RVK00052336 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2016 жылы 25 қарашада KZ34RVK00012485 хабарлама берілген.

2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау

Кемшілік: Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеші Д.А.Арыстанова, педагогикалық өтілі 38 жыл, алайда лауазымы бойынша біліктілік санатын көтермеген.

Талдау нәтижесі: Аталған нысанды зерделеу барысында кемшіліктерді жою мақсатында мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеші Д.А.Арыстанова, 2024 жылы 28 тамызда мектепке дейінгі тәрбие бойынша педагогтердің білімін бағалау тестіне қатысып мүмкін болған ұпайға 1 (бір) балл жетпегендіктен біліктілік санатын берілмеген.

Алдағы 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбына келетін оқушы болмағандықтан Арыстанова Д.А.-ға 2025 жылғы 1 мамыр күні мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі лауазымынан 2025 жылдың 2 маусымнан бастап босатылғаны туралы хабарлама ұсынылды. Барлық аталған кемшіліктердің жойылғаны туралы дәлелдеме құжаттар мектеп сайтына жүктелген.

Қорытынды:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4.2-тармақтарына «2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар)» сәйкес келеді.

Қорытынды: «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектепке дейінгі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшем шарттар:

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Кемшілік: «Kundelik.kz» электронды журналында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жарияланбаған. Бағдарламаның орындалуы Аюбекова Т.Т., Байгутенова Ж.К., Бекмағанбетов А.А., Маликова М., Мустафина Е.Т. басқа 9 мұғалімде пәндер бойынша журнал толтыру уақытылы жүргізілмеген.

Ұсыныс: «Kundelik.kz» электронды журналдың жүргізілу мониторингісін, тақырыптың толтырылуын, журналдың жүргізілуін, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуын, жоспарлауды жүргізуді 100% жеткізу.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде «Bilimclass» жүйесі арқылы білім ұйымы сынып журналдарын электронды форматта толтыратынын коруге болады. «Bilimclass» электронды

журналдың жүргізілу мониторингісін, тақырыптың толтырылуын, журналдың жүргізілуін, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуын, жоспарлауды жүргізуді 100% жеткізілген және атқарылған жұмыстар бойынша «Kundelik.kz» Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарына арналған әдістемелік ұсыныстарға сәйкес ұйымдастыру және орындау бойынша үй тапсырмасы ұсынылған нормаға сәйкес толтырылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 10-24 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 23-37 тармағына сәйкес келеді.

4. Білім алушылардың рухани-адамгер, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Кемшілік: Алмағанбетова Г. Т., Амантай Қ. Қ., Аюбекова Т. Т., Жетпісбай А. Қ., Жұмабек Т. Ж., Малигова М. Мустафин Е. Т. «Күнделік.КЗ» электронды журналының ҚББ бөлімін уақытында толтырмаған.

Талдау нәтижесі: Аталған нысанды зерделеу барысында кемшіліктерді жою мақсатында мұғалімдермен жұмыс жасалып, «Bilimclass» электронды журналдың жүргізілу мониторингісін, ҚББ бөлімінің тақырыптарын уақытында толтырылуын, журналдың жүргізілуін қадағалап 100% жеткізілген. Теориялық және практикалық сабақтардың Kundelik.kz электронды сынып журналдарында оқу пәндерінің мазмұны бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 41 тармағына сәйкес келеді.

9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

Кемшілік: 2024-2025 оқу жылдарында 1,4,5,7,8,9 сыныптарда 10 сағат көлемінде сынып сағатына енгізілмеген және «Kundelik kz» электронды журналына толтырылмаған.

Талдау нәтижесі: Аталған нысанды зерделеу барысында, 2024-2025 оқу жылдарында 1,4,5,7,8,9 сыныптарда 10 сағат көлемінде сынып сағатына «Жолда жүру ережелері» кіріктіріліп және «Bilimclass» электронды журналына толтырылғанын көруге болады. Аталған олқылықтардың орнын толтыру мақсатында мұғалімдермен жұмыс жасалған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 26 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 38 тармағына сәйкес келеді.

Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақталған мектептер үшін кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер, кемінде 25 %.

Кемшілік: Бастауыш білім беру деңгейіндегі және негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жұмыс орны лицензиат болып

табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 0%-ды құрайды.

Талдау нәтижесі: Осы нысанды зерделеу барысында мектепке педагог-сарапшы біліктілік санаты бар педагогтер жұмысқа қабылданған. Бүгінгі күнмен қарастырғанда бастауыш білім беру деңгейіндегі және негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың үлесі 31%-ды құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтер саны 4 мұғалім, олардың 2 педагог-модератор, 1 педагог-сарапшы біліктілік санатында отыр, сапалық пайыз үлесі 25%-ды құрайды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы саны 9 мұғалім, олардың ішінде 2 мұғалім педагог-модератор, 3 мұғалім педагог-сарапшы біліктілік санатында отыр, сапалық пайыз үлесі 33%-ды көрсетіп отыр. Осылайша, білім беру ұйымындағы бастауыш білім беру деңгейіндегі және негізгі білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) тарау 39 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 29 тармағына сәйкес келеді.

б) Ғымараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 37 бұйрығына сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.

Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.

Кемшілік: Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарты туралы мәлімет берілмеген.

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша білім беру ұйымының медициналық қызметке талдау үшін ұсынылған құжаттар зерделенді. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарты 2024 жылдың 17 қазан айында Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы «Есіл жанындағы аудандық емханасымен келісімшарт жасалынып, мектептің сайтына жарияланғаны анықталған.

7) № ҚР ДСМ-76 бұйрығы және № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпустарында) болуы.

Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы

Кемшілік: Тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт пен санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы ұсынылмаған.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделей келе, білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету бойынша «Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Есіл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі білім беру ұйымының асханасы санитарлық қағидаларға сәйкестігі бойынша

2013 жылдың 08 ақпан айында берілген № 14 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы ұсынылған. Қорытынды бойынша мектеп асханасы талапқа сай жүргізіледі делінген. Осылайша, ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы сәйкес келетіндігі мектеп сайтында жүктелген.

8) № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 55 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.

Кемшілік: Білім беру ұйымы өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы мәлімет берілмеген.

Талдау нәтижесі: Білім беру ұйымы өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы мәлімет 2024 жылдың 30 желтоқсанына дейін жасалып, ақпарат мектептің сайтына салынды.

Өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық бақылау нәтижелері ұсынылған. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Есіл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» КММ-сінің 2022 жылғы 29 мамырдағы тексеріс актісінде мектеп өртке қарсы саласындағы ережелерде көзделген талаптарға сәйкес бір кемшілік анықталғаны туралы көрсетілген. Кемшіліктер жойылғандығы өзіндік талдауда берілген мағлұмат зерделенді. Профилактикалық бақылау аяқталғаннан кейін бөлім тексеру нәтижелері туралы акт және 01.08.2022 жылға дейінгі мерзіммен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берді. 30.07.2022 жылы мектеп бөлімге растайтын құжаттармен анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпарат берді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 152-бабының 15-тармағын басшылыққа ала отырып, бөлім нұсқаманың орындалуын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру тағайындалмағаны туралы ақпарат берілген.

10) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету кемінде үш жылда бір рет, және 36 сағатты құрауы тиіс.

Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні бойынша және менеджмент саласында біліктілікті арттыру - кемінде үш жылда бір рет.

Кемшілік: Аюбекова Танзила Тұрымтаевна беретін пәні бойынша курстан өтпеген.

Талдау нәтижесі: Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету керектігін ескере отырып, мектеп ұстазы Аюбекова Танзила Тұрымтаевнаның қайта даярлау курсынан өткендігін берілген сертификатынан анықтауға болады.

Бастауыш сынып мұғалімі Аюбекова Танзила 2025 жылдың 31 қаңтарында «Бастауыш сынып педагогтерінің құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім

алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» 80 академиялық сағат көлемінде қайта даярлау курсынан өтіп тіркеу нөмірі 1084 сертификатын алған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 39 тармағына сәйкес келеді.

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы; *Бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" ЭЖ-дан жүктеу).*

Кемшілік: 2024-2025 оқу жылында 3-4 сыныптарында ағылшын тілі сабағы жүргізілмейтіні анықталды.

Осылайша, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарының ең жоғарғы көлемі орындалмағаны анықталды.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде 2025 жылғы 10 қазаннан бастап 1-4 сыныптарда ағылшын тілі сабағы жүргізіліп жатыр. Пән мұғалімі Хиса Айнура Болатханқызы- Абай Мырзахметов атындағы университетінің шет тілі мамандығын алған, пән бойынша біліктілігін 2024 жылдың 19 сәуірінде өткені туралы мәлімет мектеп сайтына жүктелген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 28 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 40 тармағына сәйкес келеді.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Бағаланатын кезең үшін талдау үшін құжаттар: бағаланатын кезең үшін әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымша, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Кемшілік: Коррекциялық дамытушылық бағдарламасының орташа ақыл – ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы үйде оқыту бағдарламасы бойынша оқитын Есламбекова Нұрфатима Ериковнаға оқу жоспары танымдық іс-әрекет ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, нормативтік- құқықтық база негізінде жасалған. Үйде оқытылатын оқушыға арналған жұмыс жоспары, сабақ кестесі берілген. Алайда, 10 сағаттың қазіргі таңда 7 сабағы ғана жүргізіледі: «Сөйлеуді дамыту»- аптасына 2 сағат, «Санау»-2 сағат, «Айналадағы әлем» аптасына 2 сағат және «Бейнелеу өнері» аптасына 1 сағат жүргізіледі. Ал, қалған сағаттар маман жоқтығына байланысты жүргізілмейді.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде 2024-2025 оқу жылында 5 сыныпта (үйде оқыту) «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар», «Түзету» және «Шаруашылық еңбек» сабақтары жүргізіледі. 2025 жылғы 2 наурыздан бастап қоса атқарушы педагог Бигужанова Р.С. жұмысқа қабылданып, аталған пәндер оқытылуда.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 3-тарау 30,31 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 43,45 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 3-тарау 33,34 тармағына сәйкес келеді.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Кемшілік: Коррекциялық дамытушылық бағдарламасының орташа ақыл – ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы үйде оқыту бағдарламасы бойынша оқитын Есламбекова Нұрфатима Ериковнаға оқу жоспары танымдық іс-әрекет ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, нормативтік- құқықтық база негізінде жасалған. Үйде оқытылатын оқушыға арналған жұмыс жоспары, сабақ кестесі берілген. Алайда, 10 сағаттың қазіргі таңда 7 сабағы ғана жүргізіледі: «Сөйлеуді дамыту»- аптасына 2 сағат, «Санау»-2 сағат, «Айналадағы әлем» аптасына 2 сағат және «Бейнелеу өнері» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде 2024-2025 оқу жылында 5 сыныпта (үйде оқыту) «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар», «Түзету» және «Шаруашылық еңбек» сабақтары жүргізіледі. 2025 жылғы 2 наурыздан бастап қоса атқарушы педагог Бигужанова Р.С. жұмысқа қабылданған. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің педагогика және психология мамандығының бакалавры, еңбек өтілі-4 жыл 10 ай, педагог-модератор. Мамандығы бойынша біліктілік курсынан 2023 жылы өткен. Осылайша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес екендігі анықталған және мектеп сайтына жүктелген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 3-тарау 30,31 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 43,45 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 3-тарау 33,34 тармағына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

«Аттестатталады».

Комиссияның хаттамалық шешімі «23» мамыр 2025 жыл

Комиссия торағасы _____ А.Б.Жанәділ

Комиссия мүшелері

_____ Есова Г.С.
_____ Аралова Г.А.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-
АҒАРТУ МІНІСТРЛІГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛЫНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

020000, Кокшетау қаласы, Ақан Сері, 24
тел.: 72-14-67, факс: 31-56-93
e-mail: akkola_control@mail.ru

020000, город Кокшетау, ул. Акана Сері, 24
тел.: 72-14-67, факс: 31-56-93
e-mail: akkola_control@mail.ru

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша білім бөлімі
Құмай ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
басшысына**

Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (әрі қарай-Департамент) «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау қорытындысын жолдайды.

Қосымша: қорытынды электронды мекен-жайларыңызға жолданды.

Басшы

О.Каппасов

Подписано

23.05.2025 09:24 Каппасов Орал Кабиевич

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 17-11-01-25/409 от 23.05.2025 г.
Организация/отправитель	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан" Подписано: КАППАСОВ ОРАЛ MII TZQYJ...PoNqIYw== Время подписи: 23.05.2025 09:24
	 Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: МАЛИКОВА АЙГЕРИМ MII TqQYJ...y7STubzdA Время подписи: 23.05.2025 09:37



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.